КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 26 ақпан №1513-25-00-2/114 іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: судья С.С.Сәрсенованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы Б.С.Кожагулова отырып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«КАТСу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
«Ақтөбе қаласы Алматы ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
тауарды қабылдау және соманы өндіру туралы

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе қаласы Алматы ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«КАТСу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Д.Н.Сарсенгалиев,
талап қоюшының өкілі К.С.Тлесов,
жауапкердің өкілі Ж.А.Балтабай

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 29 қарашада мемлекеттік сатып алудың баға ұсыныстарын сұрату тәсілі арқылы талап қоюшы (тапсырыс беруші) және жауапкер (өнім беруші) арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы № 115 шарты жасалды.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шартқа сәйкес жауапкер талап қоюшыға 15 күнтізбелік күн ішінде жалпы сомасы 2 277 775 теңгеге таза және аз ластанған суды айдау үшін 5 дана мотосорғы жеткізуге міндеттенген.

Шарт қазынашылық органда 02.12.2024 жылы тіркелген.

20.12.2024 жылы шарт бұзылды.

Талап қоюшы «КАТСу» ЖШС-і жауапкер «Ақтөбе қаласы Алматы ауданы әкімінің аппараты» ММ-не шарт бойынша тауарды автокөліктің бұзылуына байланысты кешіктіріліп жеткізілгенін, тапсырыс берушіге тауарды 31.12.2024 жылға дейін жеткізетіні туралы кепілдік хатын жолдағанын, тауар тапсырыс берушіге 30.12.2024 жылы жеткізілгенін, алайда тапсырыс беруші тауарды шарттың бұзылуына байланысты қабылдамағанын көрсетіп, тауарды қабылдауды және оған төлем жасауды сұрады.

Талап қоюшы «Ақтөбе қаласы Алматы ауданы әкімінің аппараты» ММ-сі жауапкер «КАТСу» ЖШС-і мемлекеттік сатып алу туралы шартының міндеттемелерін орындамағаны үшін оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Тараптардың бөлек берген талаптары соттың іс жүргізуіне қабылданып, әр талап бойынша азаматтық іс қозғалған.

Аталған даулар өзара байланысты болғандықтан, істер бір іс жүргізуге біріктірілген.

Сот отырысында «КАТСу» ЖШС-нің өкілі өз талаптарын қанағаттандыруды, ал жауапкердің талабын қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

«Ақтөбе қаласы Алматы ауданы әкімінің аппараты» ММ-нің өкілі «КАТСу» ЖШС-нің талаптарын қанағаттандырудан бас тартуды және өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Прокурор «КАТСу» ЖШС-нің талаптарын қанағаттандырусыз, ал «Ақтөбе қаласы Алматы ауданы әкімінің аппараты» ММ-нің талабын қанағаттандыруды сұрады.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

«Ақтөбе қаласы Алматы ауданы әкімінің аппараты» ММ-нің талап қоюы бойынша сот келесі тұжырымға келеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай – АК) міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс. Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Документ подписан: Сарсенова С. С., 04.03.2025

Дата вступления в законную силу: 14.05.2025, судья Сарсенова С. С., 26.05.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші не уәкілетті орган әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы сотқа аталған талап қоюмен уақытылы жүгінген.

Іс материалдарынан мемлекеттік сатып алудың баға ұсыныстарын сұрату тәсілі арқылы жүзеге асырылғандығы, жауапкердің шартта көзделген міндеттемелерін орындамағандығы анықталды.

Шартқа сәйкес жауапкер өзіне алған міндеттемелерін шарт тіркелген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни тауарды 2024 жылғы 16 желтоқсанға дейін жеткізуге міндетті болған, алайда жауапкер шарттың орындау мерзімін бұзған.

Шарттың орындау мерзімі сақталмағандықтан, тауар белгіленген мерзімде жеткізілмегендіктен, тапсырыс беруші шартты бір жақты тәртіпте 20.12.2024 жылы бұзған. Шарттың бұзылуын жауапкер дауламаған, заңсыз деп тануды сұрамаған. Шарттың колданылу мерзімі 31.12.2024 жылы аяқталған.

Жауапкер мемлекеттік сатып алуға өз еркімен қатыса отырып, жасалған шарттың талаптарын қабылдап, тауарды белгіленген мерзімде жеткізуге міндетті болды.

Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Жауапкердің тауар жолда келе жатқандығы, жыл соңына дейін тауарды жеткізу туралы кепілдеме бергені туралы уәждері тапсырыс берушіге тауарды қабылдатуға негіз болып табылмайды, өйткені шарт жасасқан кезде жауапкер тауарды уақытылы жеткізуді міндетіне алған, тауарды 15 күнтізбелік күн ішінде жеткізу мерзімін жеткіліксіз деп тапсырыс берушіге хабарламаған, міндеттемені тиісті түрде орындау үшін барлық мүмкіндіктерді қарастыру қажет болған және шартты орындауға кедергі болған жайттар кәсіпкердің тәуекелі болып табылады.

Документ подписан: Сарсенова С. С., 04.03.2025

Дата вступления в законную силу: 14.05.2025, судья Сарсенова С. С., 26.05.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сот азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін ескере отырып, оның шартты орындамау салдарынан тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды, яғни шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды назарға алып, талап қоюды қанағаттандыруды, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды дұрыс деп санайды.

Бұл ретте «Ақтөбе қаласы Алматы ауданы әкімінің аппараты» ММ-нің талап қоюы қанағаттандырылуына байланысты сот «КАТСу» ЖШС-нің талаптарын қанағаттандыруға негіз жоқ санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1966 теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«КАТСу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Ақтөбе қаласы Алматы ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне тауарды қабылдау және соманы өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырудан бас тартылсын.

«Ақтөбе қаласы Алматы ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «КАТСу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«КАТСу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«КАТСу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтап, осы сот арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты бір ай ішінде берілуі мүмкін.

Судья **С.С.Сәрсенова**

Документ подписан: Сарсенова С. С., 04.03.2025

Дата вступления в законную силу: 14.05.2025, судья Сарсенова С. С., 26.05.2025